



"Жеңіс" жалпы орта мектебінде

**2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
бағдарламасын іске асыру мақсатында 2021-2022 оқу жылында өткізілетін
іс - шаралар жоспары**

№	Іс - шара атауы	мерзімі	жауаптылар	Орындалуы
1	Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоспарын түзу.	қыркүйек	ДТІЖО Тельгозина А.У. Исмаилова Ч.С.	Жоспар
2	Мектеп ұжымын 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасымен таныстыру.	қыркүйек	Тельгозина А.У.	Хаттама
3	Мектепте "Сенім телефоның" қызметі туралы оқушыларға, ата-аналарға, ұжымға түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	үнемі	Тельгозина А.У. Исмаилова Ч.С.	Сурет
4	«Коррупции нет места в нашей жизни» тақырыбында тәрбие сағатын өткізу.	қыркүйек	Думчебаева А.	Жоспар, сурет
5	«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» атты дөңгелек үстел өткізу.	казан	Шымырбаев А.	Мәлімет, сурет
6	«Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында тәрбие сағатын өткізу.	казан	Оразкулова А.	Жоспар, сурет
7	«Еліме адал еңбек етемін» тақырыбында тәрбие сағатын өткізу.	желтоқсан	Альходжаева М.	Жоспар, сурет
8	«Зачем человеку быть честным?» атты тәрбие сағатын өткізу.	желтоқсан	Саидова Т.	Жоспар, сурет
9	Мектеп оқушыларынан, ата-аналардан, ұжымнан "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында анонимді сауалнама алу.	қаңтар	ДТІЖО Тельгозина А.У.	Сауалнама
10	«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» эссе байқауын өткізу.	ақпан	Шымырбаев А. Нұрлыханова М.	Хаттама, эссе
11	"Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" атты 5 сынып оқушыларымен сурет байқауын өткізу.	ақпан	Шадилов Р. Шымырбаев А.	Хаттама, сурет
12	Барлық сыныптарда "Адалдық сағаты" тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізу	наурыз	Сынып жетекшілер	Жоспар, сурет
13	Өткізілген іс - шаралар туралы ақпаратты әлеуметтік желілерге жариялау.	Жоспарға сай	Жауаптылар	Әлеуметтік желілерге жариялау
14	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоспарының орындалуының қорытындысын директор жанындағы мәжілісте қарау	наурыз	ДТІЖО	Есеп

ДТІЖО: Тельгозина А.У.
 Исмаилова Ч.С.

**Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде мекеме қызметкерлерін қамти
отырып өткен жиналыстың
ХАТТАМАСЫ**

Күні: 25.09.2021
Қатысқан адамдар саны: 68

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бағдарламасымен таныстыру.
2. «Сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттері»

Тыңдалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тельгозина А.У. ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылды, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданып, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығыменен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол – Елбасымыздың бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. «Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет» Н.Ә.Назарбаев.

Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыстықпен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Құрметті қызметкерлер әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысындар деп өз сөзін аяқтады.

Тыңдалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Исмаилова Ч.С. сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.

2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.

3. Оқу-білім үрдісінде педагогтар мен ата-аналар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр педагог білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.

Шешім:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт орындалуы басты назарға алынсын.

Хатшы



Нұрлыханова М.

Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде, кезекті жалпыреспубликалық «Адалдық сағаты» науқанында М.Байғұттың «Өмірлік ұстанымдарым – адалдық, әділдік» тақырыбындағы бейне-дәрісін көрсету арқылы адалдық сабақтары өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты: өскелен ұрпаққа адалдық және парасаттылық құндылықтары, сыбайлас жемқорлықтың теріс салдары, олардың алдын алу бойынша еліміздің жеткен жетістіктері туралы кеңінен түсіндіру, қоғамда сенім атмосферасын құру.





Адал ұрпақ тәрбиелеу - қай уақытта болмасын өз маңыздылығын жоғалтпаған мәселе. Адал, бауырмал, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеу - баршамыздың борышымыз. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін мектеп қабырғасынан бастап тәрбиені осы бағытта беру маңызды. Осыған орай Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде, "Адал ұрпақ" еріктілер клубының мүшелері "Коррупция нет места в нашей жизни" тақырыбында іс-шарасын өткізді. Іс-шара барысында жетекші Думчебаева А. оқушылардың бойына Отанға деген сүйіспеншілік, жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыра білді.

